

## Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 1182 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар және өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының мемлекеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарына Тұжырымдаманың іске асырылуы туралы есеп беріп тұрсын, сондай-ақ оны бірінші басшының қолын қойғызып, интернет-ресурста (қолжетімділігі шектелген ақпаратты қоспағанда) орналастырып тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 419 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 маусымдағы № 419 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 245 қаулысы.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

## Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы

1-бөлім. Паспорт

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласын дамыту пайымы

5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

1-тарау. 1-бағыт. Тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғаудың ұлттық басқару жүйесін жаңғырту

2-тарау. 2-бағыт. Кәсіптік тәуекелді төмендету жөніндегі шараларды экономикалық ынталандыру

3-тарау. 3-бағыт. Еңбекті қорғау саласындағы кәсіптік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту

4-тарау. 4-бағыт. Еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

Қосымша: Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

### 1-бөлім. Паспорт

Атауы	Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама)
Өзірлеу үшін негіздеме	<ol style="list-style-type: none"><li>1. "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.</li><li>2. "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 520 Жарлығы.</li><li>3. "Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығы.</li><li>4. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан</li></ol>

	<p>Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы.</p> <p>5. Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p> <p>6. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p>
Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	<p>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы;</p> <p>Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;</p> <p>Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;</p> <p>жергілікті атқарушы органдар</p>
4. Іске асыру мерзімдері	2024 – 2030 жылдар

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Еңбекті қорғау саласындағы қазіргі жағдай салалық немесе өңірлік деңгейде талданатын және өндірістік жарақаттануды (бұдан әрі – ӨЖ), кәсіптік ауруды (бұдан әрі – КА), еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті (бұдан әрі – ЕЖЗҚ) жұмыстарды және тағы басқа да жағдайларды сипаттайтын арнайы көрсеткіштер негізінде айқындалады.

Соңғы үш жылда еліміздің еңбек ресурстарының өсуінде оң үрдістер байқалуда. Ресми статистика деректері бойынша жұмыспен қамтылған халық саны 3 %-ға ұлғайып, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 8 965,5 мың адамды құрады, оның 6 830,9 мыңы (76,2 %) – жалдамалы жұмыскерлер. Сондай-ақ ЕЖЗҚ кәсіпорындарда соңғы үш жылда жұмыспен қамтудың 5,7 %-ға өскені байқалады, 2022 жылы ЕЖЗҚ жұмыстарда 491,1 мың адам, оның ішінде санитариялық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін

жағдайларда (шу мен діріл деңгейі жоғары, жұмыс аймағының газдануы мен шаңдануы жоғары деңгейде, температура режимі қолайсыз) 386,3 мың адам жұмыспен қамтылған, ауыр дене еңбегімен 102,7 мың адам және қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жабдықтарда 2,1 мың адам жұмыс істеуде, бұл тексерілген кәсіпорындар жұмыскерлерінің жалпы санына шаққанда 29,4 %-ды құрайды (2022 жылы 1671,1 мың адам).

ЕЖЗҚ жұмыстарында жұмыс істейтін жұмыскерлер санын айқындайтын осыған ұқсас әдістеме Ресей Федерациясында (бұдан әрі – РФ) және Беларусь Республикасында қолданылатынын айта кеткен жөн, бұл ретте аталған елдерде, керісінше, осы санаттағы жұмыскерлер үлесі жыл сайын тиісінше 0,7 %-ға және 1,3 %-ға төмендегені байқалады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – ҰСБ) деректеріне негізделген талдауы еңбек жағдайлары зиянды және басқа да қолайсыз жұмыстарда істегені үшін өтемақының кем дегенде бір түрі (қысқартылған жұмыс уақытының ұзақтығы, қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы, сүт және (немесе) баламалы тамақ өнімдерін беру, емдік-профилактикалық тамақтану, зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы) белгіленген жұмыскерлер санының 11 %-ға өскенін және 2022 жылдың қорытындысы бойынша 680,1 мың адамды құрағанын көрсетті (2020 жылы – 672,3 мың алушы). Бұл ретте ЕЖЗҚ жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыскерлер бір мезгілде бірнеше әлеуметтік кепілдік ала алады.

ЕЖЗҚ жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыскерлер өңдеу өнеркәсібі (26,9 %), тау-кен өндіру өнеркәсібі (24,5 %), көлік және қоймалау (14,1%) кәсіпорындарында көп екені байқалады.

ЕЖЗҚ жұмыстарда істеу бойынша өңірлік бөліністе Қарағанды облысы (15,4 %), Павлодар облысы (10,5 %) және Маңғыстау облыстары (10,0 %) алдыңғы қатарда.

Жұмыс орнындағы кәсіптік тәуекел деңгейін сипаттайтын және кәсіпорындардағы еңбекті қорғаудың нақты жағдайын көрсететін ӨЖ көрсеткіштері қауіпсіз еңбектің негізгі индикаторлары болып табылады.

Ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны 2020 жылмен салыстырғанда 20 %-ға ұлғайып, 2449 адамды құрады, оның ішінде қаза тапқандар – 205.

Халықаралық практикада өндірістік жарақаттану көрсеткіштерін салыстыру үшін, әдетте, олардың салыстырмалы шамасы қолданылады. Мысалы, Халықаралық еңбек ұйымы (бұдан әрі – ХЕҰ) 100000 жұмыскерге шаққанда жалпы және адам өліміне әкелген өндірістік жарақаттану деңгейі сияқты көрсеткішті (жиілік коэффициенті) қолданады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ресми статистикалық ақпарат негізінде есептелген жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің жиілік коэффициенті 100000 жұмыскерге шаққанда 44 адамды құрады (2020 жылғы ұқсас көрсеткіш – 39 адам). Алайда дамыған елдерде бұл көрсеткіш Қазақстанға қарағанда әлдеқайда жоғары, мысалы, Америка Құрама Штаттарында (бұдан әрі – АҚШ) – 900, Италияда – 1413, Германияда – 1505, Испанияда – 2347, Францияда – 2931, Финляндияда – 4025. Бұл ретте АҚШ – 5,3, Италия – 3,4 сияқты елдердегі 100000 жұмыскерге шаққанда жазатайым оқиғалардан қаза тапқандардың жиілік коэффициентін Қазақстан бойынша – 3,7 (2020 жылы 3,9) деңгейімен салыстыруға болса, мына елдердегі деңгейден жоғары : Францияда – 2,5, Испанияда – 1,9, Германияда – 0,7, Финляндияда – 0,7.

Сонымен қатар жарақаттану деңгейін дұрыс бағалау үшін адам өлімі болмаған және адам өлімімен аяқталмаған ӨЖ арасындағы арақатынасты бағалау маңызды, оны ХЕҰ жасырын жарақаттану көрсеткіші, яғни адам өлімі болмаған ӨЖ туралы есептілікті жасыру деңгейінің индикаторы ретінде пайдаланады. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жасырын жарақаттану 11:1 көрсеткішін құрады, бұл әлемнің дамыған елдерінің көрсеткіштерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары деңгейді көрсетеді, мысалы, Финляндияда – 5750:1, Германияда – 1811:1, Италияда – 548:1. Аталған проблеманың күшеюіне жеңіл дәрежедегі жазатайым оқиғалар бойынша өтемақы төлеу жауапкершілігінің сақтандыру компанияларынан жұмыс берушіге жүктеледі, жазатайым оқиға туралы хабарлау жауапкершілігінің төмендігі, жазатайым оқиғаларды тіркеу үшін жалпы ақпараттық дерекқордың болмауы, мемлекеттік бақылаудың кемшіліктері және басқа да жағдайлар ықпал етеді.

Салалар бөлінісінде ӨЖ-ның ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру (жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің/қаза тапқандардың жиілік коэффициенті 1000 жұмыскерге шаққанда – 1,9/0,12) және өңдеу өнеркәсібінде (тиісінше 1,2/0,07) байқалады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі адам өлімімен аяқталатын, оның ішінде топтық жазатайым оқиғалардың нәтижесіндегі жоғары жарақаттану көрсеткіштерімен сипатталады. Республикада қаза тапқан 11 % және зардап шеккен 15 % жұмыскерлер кен және көмір өндірумен айналысқан. 2022 жылы барлық топтық жазатайым оқиғалардың 13 %-ы еліміздің ең үлкен көмір бассейні – Қарағанды облысында орын алды. Орта есеппен 4 жұмыскер әрбір осындай жағдайдың құрбаны болды.

Жасырын жарақат контекстінде ең нашар көрсеткіштер құрылыс индустриясында (4:1) және ауыл шаруашылығында (4:1) байқалады, бұл еңбекті қорғаудың басқару жүйесінің (бұдан әрі – ЕҚБЖ) төмен деңгейде ұйымдастырылуымен түсіндіріледі. Тау-кен өндіру (21:1) және өңдеу өнеркәсібінде (21:1) неғұрлым төмен көрсеткіштер адам өлімімен аяқталмаған жарақаттардың сапалы тіркелуіне байланысты болды.

ӨЖ деңгейі жоғары өңірлер – Қарағанды облысы (жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің/қаза тапқандардың жиілік коэффициенті 1000 жұмыскерге шаққанда – 1,2/0,09), Ұлытау облысы (4,3 және тиісінше 0,03) және Шығыс Қазақстан облысы (1,0

және тиісінше 0,04). Жасырын жарақаттану бойынша ең нашар көрсеткіштер – Жетісу облысында (2:1), Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында (4:1), Қызылорда облысында және Астана қаласында (5:1) байқалады.

ӨЖ-мен қатар қауіпсіз еңбектің маңызды индикаторы КА болып табылады.

ӨЖ мен КА ЕЖЗҚ жұмыстардың, оның ішінде санитариялық-гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін еңбек жағдайларының, ауыр еңбектің және қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жабдықтар мен өзге де жағдайлардың салдарынан туындайды. Үш жыл ішінде КА-дан зардап шеккендер саны 2020 жылғы 237-ден 2022 жылғы 657-ге дейін немесе 2,8 есеге артқан. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 8 мыңнан астам адам кәсіптік патологиямен диспансерлік есепте тұр. КА құрылымында өнеркәсіптік аэрозольдердің әсерінен туындаған аурулар (40,4 %), жеке органдар мен жүйелердің функционалдық шамадан тыс жүктемесіне және шамадан тыс жүктемесіне байланысты аурулар (30,0 %), физикалық факторлардың әсеріне байланысты аурулар (23,8 %) және химиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар (4,2 %) басым, биологиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар аз (0,8 %).

Өңірлік бөліністе жағдайлардың 90 %-дан астамы тиесілі Қарағанды және Шығыс Қазақстан облысында жылдан-жылға КА-ның неғұрлым жоғары деңгейі тіркелуде. Бұл келеңсіз үрдіс республиканың барлық дерлік тау-кен және тау-кен байыту өнеркәсібінің аталған облыстарда шоғырлануымен түсіндіріледі.

### **Еңбекті қорғауды ұлттық басқару жүйесі**

Қазақстанда қолданылатын ЕҚБЖ еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындау, кәсіптік тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты іске асыру бойынша өзара байланысты іс-шаралар кешені болып табылады. Кәсіптік тәуекелдерді басқаруда ЕҚБЖ-ның негізгі элементтерінің бірі ретінде кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау, түзету шаралары, бақылау мен мониторинг қамтылған. Өз кезегінде кәсіптік тәуекелді бағалауда ұйымдағы науқасқа шалдығу мен өндірістік жарақаттану, ұжымдық және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету туралы тәуекелдерді сәйкестендіру жөніндегі ақпаратты және статистикалық деректерді талдау негізінде кәсіптік тәуекел дәрежесін айқындау көзделген, яғни іс жүзінде жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын бағалау құралы болып табылады.

Еңбек жағдайларын бағалау, шын мәнінде, еңбекті қорғауды басқарудың қолданыстағы моделінің негізі болып табылады және Қазақстанда еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау (бұдан әрі – ӨОА) не кәсіптік тәуекелдерді бағалау арқылы жүргізіледі. Заңнамалық тұрғыда бірінші рәсім 1986 жылы, екінші рәсім 2020 жылы енгізілді. Осылайша, еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатта компенсаторлық басқарудан тәуекелге бағдарланған басқаруға көшу векторы белгіленген. Сондықтан кеңестік кезеңде енгізілген ӨОА біртіндеп жойылады, себебі бірдей (үлгілік) еңбек жағдайлары мен өндірістік процестер сол

кезеңнің жоспарлы экономикасына тән болғандықтан, нарықтық экономиканың қазіргі жағдайында тәуекелдерді есепке алуды және әр жұмыс орнын саралауды талап етеді.

Кәсіптік тәуекелдерді бағалау (бұдан әрі – КТБ) рәсімінің ӨОА-дан айырмашылығы КТБ-да әрбір жұмыс орнының ерекшелігі ескеріліп, онда жұмыс істейтін жұмыскерлердің денсаулығына әсерін бағалауды қоса алғанда, тәуекелді бес көрсеткіш бойынша (еңбек жағдайларының зияндылығы, қауіптілігі, өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігі, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету және сырқаттанушылық) кешенді бағалау көзделетініне сайып келеді.

ӨАП-те тек өндірістік объектілер қамтылғандықтан, ӨОА кәсіпорынды жалпы бағалауға мүмкіндік бермейді, оны мемлекеттік бақылау мақсатында пайдалану, жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру тәсілдерін саралау кезінде сыныбын айқындау үшін пайдалануға болар еді.

2017 жылдан бастап мамандандырылған ұйымның құрамында аккредиттелген зертхананың болуы жөніндегі талаптардың енгізілуі ӨОА жүргізу сапасына қатысты проблеманы толық көлемде шешкен жоқ. Біліктілік талаптарының және ӨОА нәтижелері бойынша автоматтандырылған есептілікті ұйымдастырудың болмауы еңбек жағдайларының мемлекеттік мониторингін ұйымдастыруға және осы көрсетілген қызметті жосықсыз жеткізушілерді жедел анықтауға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, ӨОА ұлттық ЕҚБЖ-ның экономикалық компоненттерімен байланысының болмауымен сипатталады және жұмыс берушілерді еңбек жағдайларын жақсартуға экономикалық тұрғыдан ынталандыруға ықпал етпейді.

Негізі КТБ болып табылатын ЕҚБЖ-ның барлық компоненттері арасында байланыс орнатылған жағдайда ӨЖ және КА-ны төмендетудің оң әсері болады.

Сонымен қатар КТБ әдістемелік аппаратын:

еңбек жағдайларын сыныптау, өндірістік орта факторларының зияндылығы мен қауіптілігін, еңбек процесінің ауырлығы мен қауырттығын бағалау;

зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың кумулятивтік және (немесе) ұштастырылған әсерін бағалау кезінде қолдану;

ерекше еңбек жағдайларында және ұжымдық жұмыс орындарында қолдану (ашық ауада, жерасты жұмыстары, биіктік жұмыстары және т.б.) бөлігінде күшейту қажет.

КТБ кәсіпорын қызметінің түрін ескеріп, жұмыс орындарының толық қамтылуын қамтамасыз етуге тиіс. Дамыған елдердің тәжірибесіне ұқсас, мысалы, өндірістік емес кәсіпорындар үшін әдіс қарапайым және қолжетімді болуы керек.

КТБ нәтижелері өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының әсерін болғызбайтын және (немесе) барынша азайтатын жеке қорғану құралдарын (бұдан әрі – ЖҚҚ) таңдаған кезде ескерілуге тиіс. Өкінішке орай, кәсіптік тәуекелді ескерсек, ЖҚҚ салааралық нормаларына (бұдан әрі – нормалар) сәйкес ЖҚҚ таңдаудың қолданыстағы тәсілі өзекті болып табылмайды. Мысалы, ЖҚҚ зиянды фактор болмаған кезде беріледі немесе керісінше, егер нормаларда көзделмесе, берілмейді. Нормаларға сәйкес ықтимал

зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың барлық спектрін қамту мүмкін емес. Бұдан басқа, нормаларда бірдей типтегі ЖҚҚ және ұқсас кәсіптер үшін киіп жүру мерзімдері бойынша айырмашылықтар бар, бұл қиындық туғызады және жұмыскерлерді заманауи да ыңғайлы ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

### **Қауіпсіз еңбекті экономикалық қамтамасыз ету**

Жұмыскерді еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – ЖОМС) кәсіпорындардағы еңбек жағдайларын жақсартудың тиімді экономикалық құралы болып табылады. Осы жүйе шеңберінде 2022 жылы төленген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2020 жылғы көрсеткіштен 1,8 есеге артып, 66,6 млрд теңгені құрады, алайда сақтандыру төлемдерінің сыйлықақыларға арақатынасының динамикасы 2020 жылғы 13,6 %-дан 2022 жылы 9,3 %-ға дейін төмендеген. Сонымен қатар соңғы үш жылда кәсіпорындар деңгейінде ӨЖ-дан материалдық салдары 2 есе өсіп, 2022 жылы 4,1 млрд теңгені немесе зардап шеккен бір адамға есептегенде 1,7 млн теңгені құрады.

Осылайша, зардап шеккен жұмыскерлерге өтемақы төлеуге байланысты қаржылық жүктемені сақтандыру ұйымдарынан жұмыс берушіге қайта бөлу жүргізілуде, бұл кәсіпорындар арасындағы ЖОМС-пен қамтудың төмендеуіне әкеледі, 2022 жылдың қорытындысы бойынша заңды тұлғалардың тек 32 %-нда ғана сақтандыру шарты болған. ЖОМС шарттарымен төмен қамтылу жұмыс берушілердің ЖОМС жүйесіне қызығушылық танытпауына байланысты. Осыған орай жұмыс берушінің қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуге жұмсаған шығындары ескерілетін "бонус-малус" тиімді моделін енгізу қажет.

Біріншіден, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МКЗЖ) төлеуді, ЖОМС, ӨОА және КТБ бойынша шығыстарды, жауапты тұлғаларды оқыту мен олардың білімін тексеруді, ұжымдық қорғау құралдарын, ЖҚҚ, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар мен құрылғыларды, мерзімді медициналық қарап-тексеру мен куәландыруды және т.б. қоса алғанда, олардың тізбесін айқындау қажет. Екіншіден, сақтандырудың превентивті және оңалту бағдарламаларын қолдану шарттарын айқындау қажет. Үшіншіден, КТБ нәтижелерін ескере отырып, сақтандыру тарифіне қолданылатын түзету коэффициенттерінің мөлшерін айқындау қажет.

Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету шығындарын талдау олардың басым бөлігі ЕЖЗҚ жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктер ("жеңілдіктер" және "өтемақылар") беруге байланысты екенін көрсетті. Осы мақсаттарға 2022 жылы 207,6 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 47 %-ға артық (141,5 млрд теңге). Жыл сайынғы МКЗЖ көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 42,7 млрд теңгеден 69,8 млрд теңгеге дейін 1,6 есеге жуық өскен.

Барлық қолданылатын экономикалық құралдарды өзектілендіру және КТБ нәтижелерімен байланыстыру қажет. Еңбекті қорғау жөніндегі көрсетілген шараларды тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде іске асыру оларға берілетін әлеуметтік



кепілдіктердің атаулылығы мен жүйелілігін ескере отырып, ЕЖЗҚ-да жұмыс істейтін жұмыскерлерді толық қамтуға, ал кәсіпорындарға өз кезегінде еңбек жағдайларын жақсартуға қаражат салудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### **Оқыту және біліктілікті жоғарылату**

Білікті кадрлардың тапшылығына, оқу орталықтарының оқыту сапасы үшін жауапкершілігінің болмауына байланысты қауіпсіз еңбекке үйретудегі кемшіліктер ӨЖ-нің негізгі себебі болды.

Жыл сайын әрбір 8-ші жазатайым оқиға қауіпсіз жұмыс әдістерін үйретудегі кемшіліктерге және қауіпсіздік техникасы ережелерінің бұзылуына байланысты болады. 2022 жылы 266 жұмыскер мамандардың қауіпсіздік техникасы бойынша жеткілікті дәрежеде оқытпай, нұсқама бермеуіне байланысты, оның ішінде басшылардың өздері мен кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға жауапты адамдардың жеткіліксіз дайындығына байланысты жарақат алған. Мемлекеттік бақылау нәтижесінде жұмыскерлерді оқыту мен нұсқама беруді ұйымдастыру бойынша 306 бұзушылық анықталды және бұл көрсеткіш арта түсуде (2020 жылы – 255 бұзушылық).

Сонымен қатар есепке алмау еңбекті қорғау жөніндегі мамандардың санын қадағалауға, олардың білімі мен кәсіптік даярлық деңгейіне баға беруге мүмкіндік бермейді.

Қазақстанда қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуге жауапты адамдарды оқыту және біліктілігін жоғарылату жөніндегі көрсетілетін қызметтер нарығы жеткілікті дамыған, бірақ мемлекеттік бақылаудың тиісті деңгейде болмауына байланысты тиісті сапада мамандар даярлау қамтамасыз етілмеген. Жекелеген оқу ұйымдарының басшылары мен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға жауапты тұлғалардың біліктілігін арттыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнының айтарлықтай төмендегені байқалады, бұл көрсетілетін қызметтердің сапасы мен лекторлық құрамның біліктілігінің төмендігін жанама растайды. Сертификаттар оқытпай және білімін тексермей берілген жағдайлар кездесуде.

Еңбекті қорғау саласындағы проблема ретінде еңбекті қорғау жөніндегі мамандардың нашар дайындығын атап өтуге болады, көптеген кәсіпорындарда еңбекті қорғау қызметтері жоқ, олар еңбек заңнамасына сәйкес 50-ден астам жұмыскері бар өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда құрылуға тиіс. Штат саны 50 адамнан кем ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымы енгізілмейді және жауапты адамдар бекітілмейді. Егер 2020 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары өндірістік кәсіпорындарда еңбекті қорғау жөніндегі қызметтердің немесе жауапты тұлғалардың болмауы жөніндегі 31 фактіні анықтаса, 2022 жылы бұл көрсеткіш екі есеге ұлғайып, 71 бұзушылық тіркелген.

Ресми статистика деректері бойынша республикада 3638 ірі кәсіпорын жұмыс істейді, онда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінде орта есеппен 5 адам (нормативтерге сәйкес 2,5-тен 10 мөлшерлемеге дейін) және 18 мыңға жуық маман

болуға тиіс. Сонымен қатар 2022 жылы "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер" және "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің маманы" кәсібі бойынша жұмыскерлердің нақты саны 2431 адамды құрады.

Республикада ӨОА жөніндегі мамандарды, еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік және техникалық инспекторларды мақсатты түрде кәсіптік даярлау іс жүзінде жүзеге асырылмайды.

Қазақстан Республикасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша бакалаврларды, магистрлерді, сондай-ақ PhD докторларын даярлау "Тыныс-тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау" және "Өндірістегі еңбекті қорғау және гигиена" білім беру бағдарламалары бойынша даярлау бағыты шеңберінде жүзеге асырылады. Аталған білім беру бағдарламалары бакалавриат бағыты бойынша 26 жоғары кәсіптік білім беру ұйымында мәлімделді, оның ішінде магистратура – 16, докторантура – 2. Бұл ретте 2022 жылы жалпы Қазақстан бойынша осы мамандықтар бойынша: бакалавриатқа – 1210 адам, магистратураға – 51 адам, докторантураға – 5 адам оқуға түскен.

Осы салада білім алуға деген қызығушылықтың осыншама төмендігін және мемлекеттік білім беру грантын тек 297 талапкер ғана (24,5 %) пайдаланғанын, кәсіпорындар 2022 жылы оқуға түскен тек 12 студенттің ғана (1 %) оқу ақысын төлейтінін ескере отырып, мемлекеттік білім беру гранттарының көлемін ұлғайтуды қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі саласындағы мамандардың кәсіптерін дәріптеу жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ кәсіпорындарды өз кадрларын даярлауды қаржыландыруға ынталандыру қажет.

Қашықтан оқыту технологиялары, оқу тренажерлары мен имитациялық модельдер енгізілмейінше оқу процесін одан әрі жетілдіру мүмкін емес.

Еңбекті қорғау саласындағы ғылым жеткілікті дәрежеде дамымаған. Қазір бір ғана ғылыми ұйым бар – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі – ЕҚРҒЗИ), ол негізінен аса маңызды және жедел мемлекеттік міндеттерді іске асыруға байланысты қолданбалы ғылыми зерттеулермен айналысады. Ал еңбекті қорғау саласындағы іргелі зерттеулер тұрақты және үздіксіз қаржыландыру тетігінің болуын болжайтын кешенді және жүйелі тәсілді талап етеді. Сондай-ақ мемлекеттік емес ғылыми-зерттеу институттары базасында өнеркәсіп орындарының тапсырысы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде, бірақ мемлекеттік тіркеу мен ғылыми-техникалық сараптаманың болмауына байланысты олардың саны мен сапасын бағалау қиын. Ғылыми жарияланымдар мен олардың әлемдік ғылымға қосқан үлесі бойынша ғылыми негізді қалыптастыру, дәйексөзді пайдалану динамикасын қарқыны қадағалау қиындау.

Жалпы еңбекті қорғауға қатысты қызметті регламенттеу жөніндегі халықаралық тәжірибені ескере отырып, оқу сапасын арттыруға және елдегі ғылыми әлеуетті дамытуға ықпал ететін шаралар қабылдау қажет.

### **Еңбекті қорғау саласындағы мониторинг және бақылау**

Қауіпсіз еңбек көрсеткіштерінің статистикалық және ведомстволық есебі мониторингтің маңызды элементі болып табылады. Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлер санының статистикалық есебі зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың шектеулі спектрі бойынша жүргізіледі. КТБ енгізу бойынша ағымдағы жағдайды ескере отырып, қолданылатын әдіснаманы өзектілендіру қажет. Ведомстволық есеп қол еңбегімен жүргізіледі, деректерді үнемі жинау және жаңарту талап етіледі және ресми статистика деректерінде айтарлықтай алшақтықтар бар.

Республикада өндірістегі жазатайым оқиғаларды, еңбек жағдайларын, кәсіпорындардағы ӨОА және КТБ нәтижелерін тіркеу, тергеу және есепке алуды мониторингтеу ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етілмеген. Пайдаланылатын "Еңбекті қорғау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграцияланбаған. Мысалы, Еуропалық Одақ елдерінде OSH Barometer платформасында жасалғандай, еңбекті қорғау жағдайы туралы кез келген деректердің визуализациясы жоқ.

Осыған байланысты басқару шешімдері, жағдайды бағалау және шаралар қабылдау, профилактикалық жұмыстар үшін жеткілікті және сенімді ақпарат жоқ.

Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуде мемлекеттік, қоғамдық және ішкі бақылау арқылы іске асырылатын республикадағы еңбекті қорғау жай-күйіне мониторингтің рөлі маңызды. Өкінішке қарай, бақылаудың бұл түрлері арасында өзара байланыс пен бірлескен жұмыс жоқ.

Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жазатайым оқиғаларды тергеу нәтижелері бойынша алдын алу шараларының тетігін және мемлекеттік еңбек инспекторларын еңбек жөніндегі уәкілетті органның қарамағына беру есебінен басқарудың сатылы моделін енгізу арқылы арттыруға болады.

Еңбекті қорғау саласындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабында көзделген Өндірістік кеңестің мәртебесін арттыру, әлеуметтік диалогты күшейту және техникалық инспекторлардың құзыретін кеңейту есебінен арттыруға болады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылаудың тиімділігін шарттық қатынастар шеңберінде тапсырыс берушіден мердігерге дейін сатылы бақылауды жүзеге асыру бойынша құрылыс саласы кәсіпорындарының оң тәжірибесін тарату саласын кеңейту арқылы арттыруға болады.

### **3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу**

ХЕҰ-ның еңбекті қорғау саласындағы "Еңбекті қорғау – профилактика мақсатындағы жаһандық іс-қимыл" (Occupational Safety and Health – Global Action for Prevention: OSH GAP) флагмандық бағдарламасы, ХЕҰ-ның 2022 – 2025 жылдарға арналған еңбекті қорғау жөніндегі жаһандық стратегиясы және стратегиялық пайым: ХЕҰ-2025, Еуропалық еңбекті қорғау комиссиясының 2021 – 2027 жылдарға арналған стратегиялық негіздемелік бағдарламасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерінің еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық стратегияларының іргетасы болды.

ХЕҰ-ның еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық құжаттарының негізгі міндеті – жұмысқа байланысты өлім-жітім, жарақаттар мен аурулардың санын нақты қысқарту мақсатында жаһандық ауқымда алдын алу мәдениетін құруға жәрдемдесу.

ЭЫДҰ мен Еуроазиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) көптеген елдерінде еңбекті қорғау саласында жүргізіліп жатқан реформаларда мыналар көзделген:

1. Еңбекті қорғау саласындағы қауіптер мен тәуекелдер профилактикасы, еңбекті қорғауды басқаруда тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану.

Әрбір жұмыс орнының еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдерін бағалау рәсімдерін барлық жұмыс берушілер орындауға міндетті және ол жүйелі сипатта. Еуропалық Одақ елдерінде кәсіптік тәуекелдерді бағалау барлық саладағы және өлшемдегі кәсіпорындар үшін міндетті рәсім болып табылады және тиісті профилактикалық шараларды әзірлеуді, тәуекелдерді бағалау рәсімдерінің тиімділігі мен құжаттауды қамтиды. Бағалауды жүргізу әдісі ғана әртүрлі. Бағалау нәтижелері қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша басқарушылық шешімдерді талдау және қабылдау үшін негіз болады. Мысалы, Еуропалық еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау агенттігінің (OSH Barometer) онлайн-платформасының ресми деректеріне сәйкес профилактикалық шараларды күшейту және жұмыс орындарында кәсіптік тәуекелдерді азайту есебінен өндірістегі жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің жиілік коэффициентін төмендетудің орташа жылдық қарқыны 4,8 %-ды құрады, бұл ретте, ол Испанияда 8,2 %, Германияда 5,3 %, Аустрияда 3,7 %-ды құрайды.

Мемлекеттік органдар нормалар мен стандарттарға сәйкестік тұрғысынан сараптама жүргізеді. Оңтүстік Кореяда сараптаманы Кореяның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау агенттігі жүзеге асырады, кәсіпорын жұмысын оң деп тану қауіпсіздік пен денсаулықты тексеруден босатады, сондай-ақ әртүрлі жеңілдіктері болады (20 %-ға дейін сақтандыру кезіндегі жеңілдіктер, субсидиялар, гранттар мен өндірістік жарақаттанудың алдын алу құралдарын жақсартуға қарыздар және т.б.).

ЕАЭО елдері арасында РФ-да 2022 жылдан бастап КТБ барлық жұмыс берушілер үшін міндетті рәсімге айналды және КТБ жүргізбегені үшін айыппұлдар түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Еңбек қатынастарының барлық қатысушылары үшін медициналық кәсіптік тексеру және оңалту шараларын орындау бойынша ұсыныстар міндетті болып табылады. Ұжымдық және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету жұмыскерлердің ажырамас құқығы және жұмыс берушінің міндеті. Тиісінше, Еуропа елдерінде, АҚШ пен Канадада ЖҚҚ және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі әрбір жұмыс орнының кәсіптік тәуекелін бағалау нәтижелеріне негізделеді.

ЕАЭО елдеріндегі реттеуші нормаларды реформалау кезінде ЖҚҚ таңдаудың ұқсас векторы межелеген.

Халықаралық нормалардың, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етумен тығыз байланыста және соған бағдарлана отырып ұлттық саясат шараларымен ұштасуы тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл еңбекті қорғауды басқару жүйесі анағұрлым дамыған елдерге тән. Мысалы, ХЕҰ-ның "Шахталардағы еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы туралы" № 176 конвенциясы (1995 жыл) көмір өндіру және өңдеу саласында озық 34 елде, оның ішінде АҚШ, Германия, Оңтүстік Африка, Польша, Ресей елдерінде ратификацияланған.

2. Мыналар арқылы жұмыс берушілерді еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды қабылдауға экономикалық ынталандыру:

мультифакторлық талдау негізінде икемді сақтандыру тарифтерін белгілеу (жарақаттану статистикасы, әрбір кәсіпорынның жұмыс ортасының жағдайы және кәсібі мен қызмет саласы бойынша кәсіптік тәуекел деңгейі). Мысалы, Беларусь Республикасында бюджеттік ұйымдар мен өзге де сақтандырушылар үшін сараланған сақтандыру тарифі белгіленген, сақтандыру тарифіне жеңілдіктер мен үстемеақылар жүйесі қолданылады, мүгедектер мен зейнеткерлер қоғамдық бірлестіктері, жұмыс істейтіндердің кемінде 50 %-ы мүгедектер мен зейнеткерлер болып табылатын ұйымдар үшін сақтандыру тарифінен 50 % мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу жөніндегі жеңілдік көзделген. РФ-да еңбекті қорғау жағдайына, еңбек жағдайларын арнайы бағалау нәтижелері туралы мәлімет пен медициналық тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтерге негізделген сақтандыру тарифтеріне жеңілдіктер мен үстемеақыларды есептеу әдістемесі қолданылады (сақтанушының алдыңғы үш жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша белгіленген сақтандыру тарифінің (40 %-ынан аспайды). Еңбек жағдайларына арнайы бағалау жүргізген (2-8 %) және жүргізбеген (6-9 %) кездегі тарифтер бойынша қосымша жарналар белгіленді;

сақтандыру жарналары есебінен өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі шараларды қаржыландыру. Осы мақсаттарға ЭЫДҰ елдерінде сақтандыру қорының 2-17 %-ы алдын алу шараларына, оның ішінде жұмыскерлерді оқытуға, кәсіптік тәуекелдерді бағалауға, ЕЖЗҚ енгізуге, ұжымдық қорғану құралдары мен ЖҚҚ сатып алуға, құжаттама әзірлеуге т.б. жұмсалады. Мысалы, АҚШ-та федералдық деңгейде сақтандыру қаражаты есебінен оңалту бағдарламаларында қажетіне қарай физикалық оңалту, қайта даярлауды қамтамасыз ету, білім беру курстары, зақым алған кезде

жұмыс орнын ауыстыру, лайықты жұмыс іздестіру көзделген. Германияда жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан міндетті сақтандыру басталғанға дейінгі және одан кейінгі сақтандыру жағдайының профилактикасын; оналтуды (медициналық, кәсіптік және әлеуметтік); келтірілген залалдың орнын толтыруды (ақшалай төлемдер), еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақыны немесе біржолғы жәрдемақыны қамтамасыз етеді. РФ-да Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен алдын алу шаралары ішінара төленуі мүмкін, олардың тізбесі жыл сайын ұйымның өткен жылы аударған сақтандыру сыйлықақысының 20 %-ынан аспайтын мөлшерінде бекітіледі;

еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстар үшін кепілдіктерді саралау және еңбек жағдайларына байланыстыру. Мысалы, Францияда тәуекел санатына қарай зиянды еңбек жағдайлары үшін 0,5 %-дан 2 %-ға дейінгі жоғарылату коэффициенттері қолданылады.

АҚШ-та 16 фактор тізбесі негізінде қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін мөлшерлемесінің 8 %-ынан 25 %-ына дейінгі үстемеақы көзделген. Германияда жалақыға берілетін үстемеақыны айқындау және оның мөлшерін белгілеу ұжымдық шарттармен немесе жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы келісімдермен реттеліп, ол 5 %-дан 15 %-ға дейінгі мөлшерде болады. РФ мен Беларусь Республикасында арнайы бағалау мен аттестаттау нәтижелері жоғарылатылған еңбекақы белгілеуге, сүт және емдік-профилактикалық тамақ беруге, сондай-ақ қысқартылған жұмыс күні және қосымша демалыс түріндегі сараланған кепілдіктер беруге (еңбек жағдайларының сыныбына қарай) негіз болады. Жапонияда су астындағы және денсаулыққа қауіп төндіретін басқа да жұмыстармен айналысатын адамдар үшін қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді.

3. Еңбекті қорғау саласындағы ғылым мен білімді дамыту, стратегиялық әріптестікті нығайту, білім базасын кеңейту, еңбекті қорғау саласында жұмыс істейтін мамандарға, мекемелерге және басқа да барлық деңгейлердегі құрылымдарға әдіснамалық қолдау көрсету.

Халықаралық практика еңбекті қорғау саласындағы мамандарды үздіксіз оқыту; теория мен практиканың өзара байланысы (дуальді оқыту); оқытудың бейімделгендігі; ұлттық еңбекті қорғауды басқару жүйелеріне: ғылымды дамыту, әдіснамалық қолдау, білім алушыларды санаттарға бөлу және сертификаттау (лекторлардың, сарапшылардың, мамандардың тізімдерін/тізілімдерін/тізбелерін жүргізу), сапаны бақылау бөлігінде мемлекеттің белсенді қатысуы; еңбекті қорғау саласына мүдделі қатысушылардың өзара жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінде еңбекті қорғау саласындағы оқыту мемлекет тарапынан қатаң регламенттеліп, оларды мамандандырылған институттар мен ғылыми орталықтар іске асырады және сақтандыру жарналары есебінен қаржыландырылады.

АҚШ-та оқытуды ұйымдастыру мен жүргізудің шектеулі құқығы қолданылады, Ұлттық еңбекті қорғау институты (NIOSH) Білім беру және зерттеу орталықтарының

тізілімін жүргізеді, қауіпсіздік техникасы және еңбек гигиенасы саласындағы кәсіпқойларға арналған білім беру бағдарламалары қаржыландырылады, университеттерге оқу гранттары бөлінеді, мамандарды оқытып шығарудың 50 %-дан астамы үйлестірілген.

Германияда курстар өткізетін оқу орындары міндетті лицензиялаудан өтеді.

Оңтүстік Кореяда Кореяның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау агенттігінің (KOSHA) тәуекелдерді бағалау бойынша тегін оқытуы мемлекеттік деңгейде қарастырылған.

Сингапурда еңбекті қорғау мәселелері бойынша шеберлік сыныптары немесе қашықтық форматы түріндегі оқыту Еңбек министрлігі жанындағы оқу орталықтарында жүргізіледі.

Канадада Қауіпсіздік кеңесінің жұмысы тәуекелдерді басқару және тәуекелді азайту стратегиясын іске асыруға байланысты жұмыскерлер үшін тәуекелдерді басқару бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту жүргізеді. Финляндияда еңбекті мемлекет деңгейінде қорғау саласындағы оқытуды Финляндия Өндірістегі денсаулық сақтау институты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді оқу бағдарламалары базасында жүргізеді.

Финляндия заңнамасына сәйкес еңбек қауіпсіздігі бойынша тиісті оқудан өткеннен кейін және Финляндияның еңбек қауіпсіздігі орталығында тіркелгеннен кейін Еңбек қауіпсіздігі картасын алуға болады. Ұлыбританияда қауіпсіздік және өнеркәсіптік гигиенасы саласындағы Кеңесшілер тізілімі енгізілген. Францияда айлық жалақы қорының 0,55 %-дан 0,8 %-ына дейінгі мөлшерін құрайтын біржолғы міндетті жарна түріндегі жұмыс берушілердің кәсіптік оқытуды қаржыландыру салымы белгіленген.

4. Еңбекті қорғау саласындағы мониторинг пен бақылау үшін цифрлық құралдарды қолдану. Мысалы, Еуропалық одақ елдерінде, еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы ақпаратты өзектілендіруге және онлайн-режимде көруге арналған портал түріндегі цифрлық және интерактивті платформалар қолданылады. Статистикаға, сауалнамаларға және жалпыға қолжетімді мәліметтерге негізделген "Еңбекті қорғау барометрі" (OSH Barometer) сондай құралға мысал бола алады.

Беларусь Республикасында еңбекті қорғау саласындағы 12 мемлекеттік бақылау және мониторинг органдарынан тұратын өрістелген желі жұмыс істейді. Белоруссиядағы ірі және орта кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі жағдайы жаппай қадағалау әдісімен айқындалады, бұл зерттеу жиынтығында барлық бірліктер туралы ақпаратты жинау және алу дегенді білдіреді. Шағын кәсіпорындар үшін зерттеу жиынтығы бірліктерін кездейсоқ іріктеу қағидатына негізделген еңбек қауіпсіздігі жағдайын іріктеп бақылау көзделген.

РФ-да жұмыс беруші, бұдан бөлек, зардап шегушінің еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңі аяқталған соң жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында

өндірістегі жазатайым оқиғаның салдары мен қабылданған шаралар туралы ақпарат береді. Осылайша, мемлекеттік инспекцияда жазатайым оқиғаның салдары және оның қайталануына жол бермеу бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат болады.

АҚШ-та Еңбек статистикасы бюросы (BLS) жыл сайын Кәсіптік жарақаттар мен ауруларға (SOI) шолу жариялайды. Финляндияда өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар туралы статистиканы жүргізетін, жұмыс берушілердің сақтандыру міндетін сақтауын бақылайтын Финляндияның жұмысшыларға өтемақы төлеу орталығының (TVK) ресми сайтында орналастырылатын жазатайым оқиғалар мен ауруларды тергеп-тексеру нәтижелері туралы есептерді жариялау енгізілген.

Жалпы озық шетелдік халықаралық тәжірибе еңбекті қорғау жөніндегі жақсы жоспарланған және жүйелі түрде орындалатын шаралар ақшалай салымдардан 3-10 есе асып түсетін экономикалық қайтарымды қамтамасыз ететінін көрсетеді. Еңбекті қорғауға үнемі қаржы жұмсап отыратын елдердің еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілетті экономикасы өте жоғары.

Еуроодақ елдерінде қолданылатын интерактивті онлайн-тәуекелдерді бағалауға (OiRA веб-платформасы) ұқсас КТБ-ға толық көлемде көшу Қазақстанда жеке кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған, еңбек жағдайлары бойынша барлық жұмыс орындарын көруді қамтамасыз ететін кәсіпорындардың цифрлық картасын жасауға мүмкіндік береді.

ЖҚҚ бойынша нормативтер мен стандарттардың бірыңғай тізілімін жасағанда Швейцарияның тәжірибесін пайдалануға болады ("Sapros" мемлекеттік сайты). ЖОМС реформалаған кезде кәсіпорынның кәсіптік тәуекел дәрежесіне қарай сараланған икемді сақтандыру тарифтерін қолдану жөніндегі Оңтүстік Корея мен РФ, Беларусь Республикасының тәжірибесін пайдалануға болады. Сақтандыру қоры есебінен алдын алу және оңалту шараларын қаржыландыру тетігін енгізу арқылы өндірістік жарақаттанудың алдын алу үшін, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктерді айқындаған кезде АҚШ пен Еуропалық Одақ елдерінің, оның ішінде Германия мен Финляндияның тәжірибесін қолдану пайдалы болады.

Қазақстан мен Финляндияның ӨЖ-дан сақтандыру схемаларының ұқсастығын ескере отырып, еңбекті қорғау саласында оқытуды немесе КТБ жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын адамдар мен ұйымдарға қойылатын талаптарды айқындау үшін соңғысының тәжірибесін қолданған жөн.

Еңбекті қорғау саласында цифрлық технологияларды қолдану, бірыңғай цифрлық платформаларды құру, басқа да артықшылықтармен қатар Еуроодақ елдерінде іске асырылғандай, елдегі және нақты кәсіпорындағы еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы мәліметтерді көруге мүмкіндік береді.

#### **4-бөлім. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласын дамыту пайымы**



Өткен кезеңдердегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясатты және негізгі әлемдік үрдістерді іске асыруды талдау негізінде оның одан арғы пайымы қалыптасты.

Тұжырымдаманы іске асыру жұмыс орындарында кәсіптік тәуекел деңгейін төмендетуге, еңбекті қорғау саласындағы құзыреттерді арттыруға, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша экономикалық ынталандыруды күшейтуге ықпал ететін болады.

Интегралды КТБ моделін енгізу, кәсіпорындардың цифрлық картасын құру және еңбек қауіпсіздігі саласындағы халықаралық стандарттарды енгізу ескеріле отырып, ұлттық ЕҚБЖ жетілдірілетін болады.

ЖҚҚ қамтамасыз етудің жаңа тетігі жұмыс берушінің шығындарын ұтымды етуге мүмкіндік береді және ЖҚҚ-ның ӨЖ мен КА деңгейіне әсер ету тиімділігін арттырады.

Жұмыс берушілерді экономикалық ынталандыру мақсатында ЖОМС шарты шеңберіндегі сақтандыру тарифі кәсіпорынның кәсіптік тәуекелі ескеріле отырып белгіленетін болады. Жұмыс берушінің сақтандыру сыйлықақысы есебінен алдын алу және оңалту шараларына арналған шығындарын қаржыландыру тетігі қосымша енгізілетін болады.

Кадрлық ресурстарды, материалдық-техникалық жарақтандыруды және ғылыми-білім беру әлеуетін дамыту үшін еңбекті қорғау саласындағы білім беру, ақпараттық, әдістемелік және консультация сипатындағы көрсетілетін қызметтерді сапалы ұсыну үшін жағдай жасалатын болады.

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесі бойынша ұлттық ЕҚЖБ бөлігі ретінде кәсіптік тәуекелдерді бақылау және талдау жүргізу үшін еңбекті қорғау саласындағы мониторинг жүйесі құрылады. Мониторинг жүйесі әртүрлі деңгейде бақылау шараларын жүргізу үшін пайдаланылатын болады, бұл ӨЖ-ның төмен және жоғары тәуекелі арасында болатын айырмашылықтың азаюын көрсете отырып, өңірлік және салалық бөліністе ЕҚЖБ нәтижелілік көрсеткіштерін үдемелі жақсартуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

## **5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері**

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясат мынадай негізгі қағидаттардың сақталуына негізделген:

1) еңбекті қорғауды басқарудағы тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбек жағдайларын жүйелі және ұдайы жақсарту;

2) еңбекті қорғау саласындағы халықаралық нормаларды бейімдеу негізіндегі превентивтік және теңгерімділік;

3) әлеуметтік әріптестік негізінде еңбек қатынастарына барлық қатысушылар арасындағы жауапкершілігі мен жұмылуы;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы сенімді ақпаратпен толық қамтылу негізінде объективтілік пен хабардарлық;

5) жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдер туралы бастапқы деректердің дұрыстығы.

Барлық көрсетілген, ағымдағы жағдай мен әлемдік үрдістерді факторлық талдау негізінде қалыптасқан қағидаттар еңбекті қорғау саласын дамытудың және Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі тәсілдерінің мынадай:

1) тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін жаңғырту;

2) кәсіптік тәуекелді төмендету жөніндегі шараларды экономикалық ынталандыру;

3) еңбекті қорғау саласындағы кәсіптік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту;

4) еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру бағыттарын қалыптастыруға болады.

### **1-тарау. 1-бағыт. Тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық басқару жүйесін жаңғырту**

Ұлттық ЕҚБЖ жаңғырту жөніндегі міндеттерді орындау тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылатын болады. Еңбек жағдайларын жіктеу және бағалау мәселелері бойынша әдіснамалық аппараттың дамуын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Еңбек заңнамасының нормативтік талаптарының орындалуы, жеке кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелері, ӨЖ және КА көрсеткіштері туралы деректерді қамтитын жаңа интегралды КТБ моделі енгізілетін болады.

Кәсіпорынның көлеміне байланысты еңбекті қорғау талаптары азаймағанмен, олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты шағын және микрокәсіпорындарда кәсіптік тәуекелді экспресс-бағалау мүмкіндігін (оның ішінде онлайн-форматта) енгізе отырып, белгілі бір "тәуекелі төмен" салалар бойынша ( клинингтік көрсетілетін қызметтер, мәдени және бос уақыт іс-шараларын ұйымдастыру , ұсақ бөлшек сауда және т.б.) ЕЖЗҚ-ға қойылатын оңайлатылған талаптар әзірленетін болады.

Ерекше еңбек жағдайларында (жерасты жұмыстары, ашық ауада, биіктікте жұмыс істеу, және т.б.) өндірістік факторларды сәйкестендіру, өлшеу, сондай-ақ өндірістік факторлардың кешенді әсерін бағалау және кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша жұмыс орнын саралау тәсілдері әзірленетін болады.

Тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізу ӨОА рәсімін алып тастауды көздейді. Интегралды бағалау және кәсіпорындарды тәуекел дәрежесіне қарай бөлу бойынша " Кәсіпорындардың цифрлық картасы" құрылады. Бұл еңбек жағдайлары мен кәсіптік тәуекелдер мониторингінің, экологиялық мониторингтің және өндірістік бақылаудың мемлекеттік ақпараттық жүйелерін интеграциялауды талап етеді.

КТБ-ні уақтылы әрі сапалы жүргізу бірінші орынға шығады. Осыған байланысты кадрлық құрамның сапасы, сондай-ақ жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілікті

белгілеу арқылы мамандандырылған ұйымдарға қойылатын талаптар күшейтілетін болады.

Нақты зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактор негізінде ЖҚҚ бөлудің матрицалық әдісін қолдану және кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша саралау жұмыс берушіге ЖҚҚ таңдауды жеңілдетеді. Әлеуметтік кепілдіктер беру ұқсас әдістеме бойынша жүзеге асырылатын болады.

Тәуекел топтарын ерте анықтау әдістерін күшейтуге, сондай-ақ жұмыскерлерге еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмысқа рұқсат беру медициналық регламенттерін жетілдіруге бағытталған кәсіптік тәуекелді бағалау нәтижелеріне байланысты профилактикалық медициналық мониторингті енгізу бойынша зерттеулер жүргізілетін болады. Жұмыс берушіге сауықтыру және емдеу іс-шараларын жүргізу, оның ішінде созылмалы аурулардың өршуінің алдын алу, емдік тамақтану, емдік дене шынықтыру, медициналық массаж, еңбекке қабілеттілікті сақтау мақсатында оңалту іс-шараларын жүргізу, санаторий-курорттық емдеу бойынша берілетін ұсынымдар тексерудің нәтижесі болады.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 70-бабына сәйкес қауіпті өндірістік объектілерге көбірек көңіл бөлінетін болады. Халықаралық стандарттарды ескере отырып, авариялық жағдайлардың, өндірістегі жазатайым оқиғалардың және КА туындау қаупін азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру көзделген.

Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуде барынша әсерге қол жеткізу және халықаралық нормаларды ұлттық саяси шаралармен байланыстыру үшін "Шахталардағы еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы туралы" ХЕҰ № 176 конвенциясын ратификациялау, сондай-ақ қолданыстағы еңбек заңнамасына ілеспе өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеттілігі туралы мәселелер қаралатын болады.

## **2-тарау. 2-бағыт. Кәсіптік тәуекелді төмендету жөніндегі шараларды экономикалық ынталандыру**

Еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыс кезінде мемлекеттік кепілдіктер беру тетігін трансформациялау жөніндегі шаралар шеңберінде оның түрлері мен көлемін айқындаудың жаңа тәртібі (тетігі), оның ішінде кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелері негізінде оларды тағайындаудың проактивті форматы белгіленетін болады.

Жұмыс берушінің еңбек жағдайларын жақсартуға үлесін арттыруға ықпал ететін жаңа қаржы-экономикалық шараларды енгізу қажет болады. Осыған байланысты еңбекті қорғауға арналған шығындарды экономикалық жоспарлаудың, сондай-ақ еңбекті қорғауға арналған шығындардың (шығын түрлері бойынша) бюджетін құру жөніндегі онлайн-қосымша енгізіліп, тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсілдері әзірленетін болады.

Кәсіптік тәуекелдерді бағалауды және персоналды еңбекті қорғау негіздеріне оқытуды қоса алғанда, ЖОМС қаражаты есебінен еңбекті қорғау жөніндегі алдын алу шараларын қаржыландыру жөніндегі халықаралық оң тәжірибе қолданылатын болады. Екі компонентті модель бойынша, яғни экономикалық қызмет түрімен анықталатын кәсіптік тәуекел сыныбына және оны бағалаудың нәтижелі көрсеткіші ретінде кәсіптік тәуекел дәрежесіне байланысты сараланған тариф белгіленеді. Сақтандыру тарифтерін өзектілендірген кезде тиісті актуарлық есеп-қисаптар жүргізілетін болады. ЖОМС-тың превентивті бағыты кеңейтіледі, бұл сақтандырудың негізгі мақсаттарына: тарифтің негізділігіне, сақтандыру сомасының дұрыстығына немесе сәйкестігіне, тәуекелді белгілеу үшін деректердің толықтығына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Мүгедектігі бар адамдар арасындағы өлім-жітімді азайту мақсатында еңбекке қабілеттілігінен айырылғаннан кейінгі бастапқы кезеңде медициналық көмек көрсету, оңалту бағдарламаларын іске асыру, қосымша емдеу, оның ішінде ЖОМС есебінен қаржыландыру жағдайында шаралар қабылдау мәселесі зерделенетін болады.

### **3-тарау. 3-бағыт. Еңбекті қорғау саласындағы кәсіптік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту**

Еңбекті қорғау саласындағы кадрлық дамуға жаңа оқыту түрлері мен тәсілдерін (өзекті бағдарламалар, қашықтан оқыту, тренажерлер және имитациялық модельдер) енгізу есебінен қол жеткізілетін болады.

Еңбекті қорғау саласындағы кәсіптік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту жөніндегі міндеттерді тиімді іске асыру үшін ғылыми-білім беруді дамыту, материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету, еңбекті қорғау саласында білім беру, ақпараттық, әдістемелік және консультациялық сипаттағы көрсетілетін қызметтерді сапалы ұсыну жағдайлары жасалатын болады.

Еңбекті қорғау мамандарын, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды, өндірістік кеңестердің төрағалары мен еңбекті қорғау жөніндегі сарапшыларды міндетті даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату көзделеді.

Сондай-ақ еңбекті қорғау бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптар күшейтілетін болады. Ол үшін оқыту ұйымдарын онлайн-тіркеу жүйесі енгізіледі. Тіркеу кезінде материалдық-техникалық базаның, сертификатталған лекторлардың және еңбекті қорғау саласындағы оқу бағдарламаларының болуы ескеріледі.

Бірыңғай оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – БОӘО) құрылып, еңбекті қорғау бойынша оқыту және білімін тексеру рәсімдерінің ара-жігі ажыратылады, оның функцияларының бірі арнайы құрылған онлайн платформада білімді тексеру және үлгілік оқу бағдарламалары мен білімді тексеруге арналған бақылау сұрақтарын әзірлеу

(қайта қарау) болады. БОӘО функциясына сондай-ақ мамандандырылған ұйымдар үшін мемлекеттік еңбек инспекторлары мен сарапшылар даярлау, оқыту ұйымдары үшін лекторлар даярлау, оларды тіркеу және тізбесін жүргізу кіреді.

Бұдан басқа, "Еңбекті қорғау" кәсіптік стандартын және салалық біліктілік шеңберін қайта қарау жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады. Сондай-ақ кәсіпорындағы еңбекті қорғауға жауапты адамдардың құзыреті мен біліктілігі бойынша талаптар өзектілендірілетін болады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты жолға қоюға және өзара іс-қимылды кеңейтуге Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының үйлестіруімен салалық біліктілік шеңберін, кәсіптік стандарттарды, біліктілік анықтамалығын, сондай-ақ еңбекті нормалау мен қорғау саласындағы басқа да талаптарды сапалы өзектілендіруді қамтамасыз ететін жаңа өзін-өзі реттейтін ұйым (қауымдастық немесе одақ түріндегі коммерциялық емес ұйым) құруға ықпал ететін болады. Бұл республиканың кәсіпорындары үшін болашақ мамандарды даярлау деңгейін арттыруды және тиісінше, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жаңа даму деңгейіне өтуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экономиканың жекелеген салалары үшін ӨЖ және КА алдын алудың ғылыми негізделген шараларын әзірлеу бойынша еңбекті қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді қысқа мерзімді (іске асыру кезеңі – 12 ай) гранттық қаржыландыру мүмкіндіктері кеңейтілетін болады. Осы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға соңғы стейкхолдерлер (бизнес-құрылымдар, өнеркәсіп орындары, қоғамдық ұйымдар және басқалар) тартылатын болады. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелері еліміздің нақты кәсіпорындарында ӨЖ мен КА көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Жалпы ғылыми-әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету, ғылыми іс-шаралар өткізу, республиканың мемлекеттік органдары, білім беру ұйымдары, кәсіпорындары қызметіне ғылыми әзірлемелерді енгізуге арналған база ретінде ЕҚРҒЗИ-де бекіту еңбекті қорғау саласындағы ғылымды дамытуға ықпал ететін болады. Осылайша, ЕҚРҒЗИ базасында магистрлер мен PhD докторларының кәсіптік практикадан өтуі ұйымдастырылады, бұл теория мен практиканың өзара байланысын күшейтеді. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің синергиясы еңбекті қорғау саласындағы ғалым кадрлардың кәсіптік даярлық деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің нәтижелерін білім беру процесіне интеграциялауға қызмет етеді.

Жыл сайын KIOSH конференциясы мен көрмесі шеңберінде еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми форум өткізілетін болады, ол ғылыми әзірлемелерді талқылау, кәсіпорындардың қызметіне инновациялық тәсілдерді қолдану жөніндегі диалогтық алаңға айналады.

Бәсекелестіктің артуы, персонал санын оңтайландыруға әкелетін өндірісті автоматтандыру жағдайында түрлі экономикалық қызмет түрлері үшін еңбекті нормалаудың жаңа прогрессивті әдістерін енгізу мәселесін пысықтау уақтылы шара болып табылады. Осыған байланысты қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету үшін персонал санының салааралық нормативтері енгізілетін болады, олар қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыспен қамтылғандар санын, сондай-ақ объектілердің шашыраңқы және қашықта орналасуы, мердігер (қосалқы мердігер) ұйымдардың болуы ескеріле отырып, Тұжырымдаманы (еңбекті қорғау мамандары, еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекторлар) іске асырудың негізі болады.

#### **4-бөлім. 4-бағыт. Еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру**

Жүйенің жай-күйі туралы анық, объективті ақпарат алу арқылы кәсіптік тәуекелді объективті түрде төмендетуге болады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді іске асыру автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен жетілдірілген цифрлық платформалар арқылы жүзеге асырылады, осыған байланысты еңбекті қорғау саласындағы қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық жүйе базасында "Кәсіпорындардың цифрлық картасы" деген қосымша элемент құрылады (еңбекті қорғау көрсеткіштерін талдау құралы ретінде).

Кәсіпорындардағы кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелері, ӨЖ, КА, шараларды қаржыландыру, кепілдіктер беру, жұмыскерлердің сертификатталған ЖҚҚ-мен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен, емдік-профилактикалық тамақпен, медициналық көрсетілетін қызметтермен, ЖОМС сақтандырумен қамтамасыз етілуі жөніндегі деректер және кәсіптік тәуекелдердің салалық карталары мониторингтің негізгі бағыттары болады.

Еңбек жағдайларының жай-күйін барабар көрсететін көрсеткіштерді енгізіп, деректерді жинау жүйесін оңтайландыра отырып және кейіннен еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық шолу әзірленіп, еңбекті қорғау жөніндегі ведомстволық статистика нысандары өзектілендіріледі.

Жазатайым оқиғалардың негізгі себебін анықтау және кәсіптік тәуекелдерді басқару тиімділігін бағалау үшін жазатайым оқиға орын алған кезде КТБ жүргізу сапасын мемлекеттік сараптау рәсімі енгізілетін болады.

Бақылау объектілерінің қызметі туралы әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы еңбек заңнамасының сақталуын превентивті мемлекеттік бақылау (бақылау субъектісіне бармай) тетігі енгізілетін болады.









7	(жұмыс істеп тұрған белсенді заңды тұлғалар да) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйінің мемлекеттік мониторингпен қамту,%	-	-	-	30	40	50	60	70	80
---	--	---	---	---	----	----	----	----	----	----

Тұжырымдамада белгіленген Қазақстан Республикасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласын дамыту қағидаттарын, тәсілдері мен пайымын іске асыру 2030 жылы мынадай болжамды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) өндірістік жарақаттанудың 1000 жұмыскерге шаққандағы жиілік коэффициентін 0,30-ға дейін төмендету (2022 жылғы факт – 0,44);

2) еңбекті қорғау саласындағы бұзушылықтар үлесін анықталған еңбек заңнамасы бұзушылықтарының жалпы санының 23 %-ына дейін төмендету (2022 жылғы факт – 28 %).

Қазақстан Республикасының  
2024 – 2030 жылдарға арналған  
қауіпсіз еңбек  
тұжырымдамасына қосымша

### Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

№ Р/с	Негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқтау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
<p>1-бағыт. Тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық басқару жүйесін жаңғырту</p> <p>1-нысаналы индикатор. Республика бойынша жұмыс істеп тұрған белсенді заңды тұлғаларды кәсіптік тәуекелді бағалаумен қамтуды арттыру (2025 жылы – 30 %, 2026 жылы – 40 %, 2027 жылы – 50 %, 2028 жылы – 60 %, 2029 жылы – 70 %, 2030 жылы – 80 %)</p> <p>2-нысаналы индикатор. Еңбек қызметіне байланысты адам өлімімен аяқталған жазатайым оқиғалардың 1000 жұмыскерге шаққандағы жиілік коэффициенті (2024 жылы – 0,035, 2025 жылы – 0,033, 2026 жылы – 0,031, 2027 жылы – 0,029, 2028 жылы – 0,027, 2029 жылы – 0,025, 2030 жылы – 0,023)</p>				

3-нысаналы индикатор. Өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауруларды жасырып қалу деңгейі (2024 жылы – 12:1, 2025 жылы – 13:1, 2026 жылы – 14:1, 2027 жылы – 15:1, 2028 жылы – 16:1, 2029 жылы – 17:1, 2030 жылы – 18:1)

1	<p>Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидаларын:</p> <p>1) кәсіпорынның кәсіптік тәуекелін интегралды бағалау (кәсіпорындарды кәсіптік тәуекел дәрежесі бойынша саралау);</p> <p>2) ерекше еңбек жағдайларында (ж е р а с т ы жұмыстары, ашық ауада, биіктікте жұмыс істеу және т.б.) кәсіптік тәуекелдерді бағалаудың жеке тәртібін;</p> <p>3) шағын және м и к р о кәсіпорындарда кәсіптік тәуекелді бағалаудың оңайлатылған тәртібін енгізуді ескере отырып, кәсіптік тәуекелдерді бағалау тәртібін өзгерту бөлігінде қайта қарау</p>	Еңбекмині бұйрығы	2025 жылғы 2-тоқсан	Еңбекмині
2	<p>Мынадай:</p> <p>1) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау рәсімін алып тастау;</p> <p>2 ) мамандандырылған ұйымдарға, оларды тіркеу тәртібіне, сондай-ақ оларды бағалау нәтижелері ү ш і н жауапкершілікті айқындау</p>	РСКҚ	2025 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, ДСМ, ӨҚМ, ТЖМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар

	қойылатын талаптарды күшейтуге мәселелері бойынша түзетулер әзірлеу			бірлестіктері (келісу бойынша)
3	Еңбек жөніндегі уәкілетті органның қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық жүйесі базасында кәсіптік тәуекелдерді бағалау нәтижелерін тіркеу және есепке алу модулін енгізу	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, ЦДИАӨМ республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
4	Еңбек жөніндегі уәкілетті органның қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық жүйесі базасында кәсіпорындардың цифрлық картасын енгізу және оны мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 2-тоқсан	Еңбекмині, ЦДИАӨМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
5	Жұмыскерлерді кәсіптік тәуекелге байланысты жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау	Еңбекмині бұйрығы	2026 жылғы 2-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
6	Міндетті мерзімді міндетті медициналық қарап-тексерулер тәртібін жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізу	есеп	2025 – 2027 жылдар	Еңбекмині, ДСМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
	"Шахталардағы еңбек қауіпсіздігі			

7	және еңбекті қорғау туралы" халықаралық еңбек ұйымының № 176 конвенциясын ратификациялау, сондай-ақ қолданыстағы еңбек заңнамасына ілеспе өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеттілігі туралы мәселені қарау	ХГҚ жөніндегі ВАК-қа ұсыныс	2024 жылғы 4-тоқсан	Еңбекмині, ӨҚМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
8	Қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдармен бірлесіп технологиялық қайта жарактандыру арқылы, қауіпті өндірістік объектілердің олардың авариялық деңгейін төмендету жұмысын жүргізу	есеп	жыл сайын	ТЖМ, ӨҚМ, Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
<p>2-бағыт. Кәсіптік тәуекелді төмендету жөніндегі шараларды экономикалық ынталандыру.</p> <p>4-нысаналы индикатор. Жұмыс істеп тұрған жеке меншік нысанындағы белсенді заңды тұлғаларды жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесімен қамту (2024 жылы – 60 %, 2025 жылы – 65 %, 2026 жылы – 70 %, 2027 жылы – 75 %, 2028 жылы – 80 %, 2029 жылы – 85 %, 2030 жылы – 90 %)</p>				
9	Мыналар бойынша: кәсіптік тәуекел дәрежесін ескере отырып, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерге ұсынылатын кепілдіктердің түрлері мен көлемін саралау тәртібін айқындау; еңбекті қорғау шығындарын экономикалық жоспарлау тәсілдерін енгізу	РСКҚ	2028 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, ҰЭМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
	Экономикалық қызмет түрлері және кәсіптік			

10	тәуекелді бағалау нәтижелері бойынша кәсіптік тәуекелді жіктеу негізінде ЖОМС бойынша екі компонентті сақтандыру тарифін енгізу	РСКҚ	2025 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, ҚНРДА (келісу бойынша), республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
11	ЖОМС шарты шеңберінде сақтандыру ұйымдарының қаражаты есебінен кәсіптік тәуекелді төмендетуге бағытталған алдын алу іс-шараларын және зардап шеккен	РСКҚ	2024 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, ҚНРДА (келісу бойынша), республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша),
	жұмыскерлерді оңалту бағдарламаларын енгізу			республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
12	Зардап шеккен жұмыскерлерге еңбек қабілетінен айырылған кезеңнен кейінгі бастапқы кезеңде медициналық көмек көрсету мен қосымша емдеу түрлерін қоса алғанда, оңалту бағдарламаларын іске асыру мәселесі бойынша зерттеу жүргізу	есеп	2027 – 2029 жылдар	Еңбекмині, ДСМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
<p>3-бағыт. Еңбекті қорғау саласындағы кәсіптік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту</p> <p>5-нысаналы индикатор. Еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруден ойдағыдай өткен, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың үлесі (2025 жылы – 40 %, 2026 жылы – 50 %, 2027 жылы – 60 %, 2028 жылы – 70 %, 2029 жылы – 80 %, 2030 жылы – 90 %)</p> <p>6-нысаналы индикатор. Іске асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар саны (2024 жылы – 3, 2025 жылы – 4, 2026 – 4, 2027 жылы – 5, 2028 жылы – 5, 2029 жылы – 6, 2030 жылы – 6)</p>				
	Мынадай: бірыңғай оқу-әдістемелік орталық құра отырып, еңбекті қорғау бойынша			

13	<p>оқыту және білімін тексеру рәсімдерінің ара-жігін ажырату; еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың, өндірістік кеңес төрағаларының, о қ ы т у ұйымдарының лекторлары мен мамандандырылған ұ й ы м д а р сарапшыларының біліктілігін арттыру; тіркеу тәртібі мен көрсетілген қызметтерінің сапасы үшін жауапкершілікті қоса алғанда, еңбекті қорғау бойынша оқыту ұйымдарына қойылатын талаптарды белгілеу мәселелері бойынша түзетулер енгізу</p>	РСКҚ	2025 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
14	<p>Білімді тексеру бойынша онлайн-платформа енгізу (білімді тексеруден өткенін куәландыратын сертификаттарды бір орталықтан беру , еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан өткен адамдардың барлығын бірыңғай есепке алу)</p>	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 2-тоқсан	Еңбекмині, ЦДИАӨМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
	<p>Кәсіптік тәуекел дәрежесін (жарақат алу қаупі бар салалар бойынша) ескере отырып, салалар бойынша арнаулы кәсіптік құзыреттерді</p>			Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша),

15	дамыту жөніндегі үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және салалық қауымдастықтардың тиісті құзыретін бекіту	Еңбекмині бұйрығы	2024 жылғы 3-тоқсан	республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
16	Салалық біліктілік шеңберін және "Еңбекті қорғау" кәсіптік стандартын қайта қарау	Еңбекмині бұйрығы	2024 жылғы 4-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
17	Жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірлесіп "Қауіпсіз еңбек: кәсіп және мансап" тақырыбында 11-сынып оқушыларына арналған онлайн кәсіптік бағдар беру көрмесін ұйымдастыру және өткізу	кәсіптік бағдар беру көрмесі	жыл сайын	Еңбекмині, ҒЖБМ, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
18	Еңбекті қорғау жөніндегі отандық ғылыми мектептерді дамыту үшін ғылыми гранттар бөлу тетігін ұйымдастыру мәселесін зерделеу	есеп	2026 – 2028 жылдар	Еңбекмині, ҒЖБМ
19	Жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың бірлескен, оның ішінде диссертациялар, ғылыми гранттар дайындау жөніндегі ынтымақтастығы шеңберіндегі ғылыми және білім беру әлеуетін	келісімдер, меморандумдар		Еңбекмині, ҒЖБМ



	интеграциялауды қамтамасыз ету		жыл сайын	
20	Еңбекті қорғау саласында зерттеулерді іске асыратын және мамандарды, сарапшыларды даярлауды жүзеге асыратын шетелдік ғылыми зертханалармен, білім беру орталықтарымен және әлемнің жетекші университеттерімен ынтымақтастықты кеңейту	келісімдер, меморандумдар	жыл сайын	Еңбекмині, ҒЖБМ
4-бағыт. Еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру 7-нысаналы индикатор. Кәсіпорындарда (жұмыс істеп тұрған белсенді заңды тұлғаларда) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйін мемлекеттік мониторингпен қамту (2025 жылы – 30 %, 2026 жылы – 40 %, 2027 жылы – 50 %, 2028 жылы – 60 %, 2029 жылы – 70 %, 2030 жылы – 80 %)				
21	Еңбек жөніндегі уәкілетті органның қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық жүйесі базасында тәуекелдерді	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4-тоқсан	Еңбекмині, ЦДИАӨМ, ЖАО, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу)
	басқару негізінде қауіпсіз еңбек саласындағы цифрлық мемлекеттік бақылауды енгізу			бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
22	Мынадай: еңбекті қорғау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін еңбек қатынастары субъектілерінің жауапкершілігін күшейту; жазатайым оқиға туындаған кезде ұйымда кәсіптік тәуекелдерді бағалау	РСКҚ	2025 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, ДСМ, ӨҚМ, ТЖМ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісім бойынша), республикалық

	нәтижелерін мемлекеттік сараптауды енгізу; ұйымдарда міндетті түрде өндірістік кеңестер құру мәселелері бойынша түзетулер әзірлеу			кәсіподақтар бірлестіктері (келісім бойынша)
23	"Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің өндірістік жарақаттану және кәсіптік аурулардың есебін қалыптастыру жөніндегі функционалын енгізу	пайдалануға беру актісі	2025 жылғы 4-тоқсан	Еңбекмині, ДСМ, ҰСБ, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісім бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісім бойынша)
24	"Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің еңбекті қорғау саласындағы еңбек заңнамасының сақталуын жұмыс берушілердің өздерінің бақылауын жүзеге асыру функционалын енгізу	пайдалануға беру актісі	2024 жылғы 3-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісім бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісім бойынша)
25	Еңбекті қорғау қызметтері жұмыскерлерінің салааралық үлгілік нормативтерін өзектілендіру	Еңбекмині бұйрығы	2026 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісім бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісім бойынша)
26	Еңбек жөніндегі уәкілетті органға өндірістік кеңес және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар	Еңбекмині бұйрығы	2025 жылғы 1-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісім бойынша), республикалық

	туралы үлгілік ережелерді әзірлеу құзыретін беру			кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)
27	Кәсіпорындарда тапсырыс берушіден мердігерге дейін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бойынша сатылы бақылауды енгізу мәселесін зерделеу	есеп	2026 жылғы 3-тоқсан	Еңбекмині, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері (келісу бойынша), республикалық кәсіподақтар бірлестіктері (келісу бойынша)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;

РСКҚ – реттеушілік саясаттың консультативтік құжаты;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ҰСБ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ХГҚ жөніндегі ВАК – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.